



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 19 қазанда  
ДС-395 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

2005 жылы халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудың жаңа моделі енгізіліп, жаңа заңнама қабылданды.

Олар азаматтардың осы санатына қатысты парадигманы өзгертті, оған сәйкес мүгедектік еңбекке қабілеттіліктің немесе адамның еңбекке жарамсыздығының көрсеткіші болып табылмайды, тек оның тіршілік-тынысының шектеу деңгейін айқындайды.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдарды еңбекке интеграциялау мақсатында жұмыспен қамтуға және оқытуға жәрдемдесу шараларының кешені көзделген.

1. Азамат еңбек қызметін жүзеге асыру кезеңінде мүгедектікке алып келген жарақаттану немесе мертіккен жағдайда, оның жұмыс орынын сақтау.

Бүгінде 6 мыңға жуық мүгедектігі бар адам өз жұмыс орындарында немесе сол ұйымдағы басқа позицияларда жұмыс істеуді жалғастыруда.

2. Мүгедектігі бар адамдарды жоғары оқу орындарында оқыту.

Инклюзивті білім беруді жетілдіру жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған жол картасы бекітілді, ол ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқу ғимараттарының, жатақханалардың және т. б. ғимараттар мен құрылыстардың қол жетімділігі бөлігінде бірқатар іс-шараларды көздейді.

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар адамдар үшін бірдей оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарының үлесі 75,5 %-ды құрайды (2022 жылы – 54%). Жоғары оқу орындарында оқитын мүгедектігі бар адамдардың саны 1730 адамды құрайды.

3. Мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы жұмыс орындарын құру.

Аталған тетік 2018 жылдан бастап енгізілді және жұмыс берушілердің арнаулы жұмыс орындарын құруға жұмсаған шығындарын субсидиялауды көздейді. Осы бағытты іске асыру басталғаннан бері 520 арнаулы жұмыс орнын ұйымдастыруға бюджеттен 367,1 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

4. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту. Бүгінде жобамен «Бастау бизнес» шеңберінде қысқа мерзімді курстарда және кәсіпкерлік негіздерінде оқыту, өз ісін ашуға өтеусіз гранттар алу, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша 38,4 мың адам қамтылды.

5. Өз бетінше жұмысқа орналасу мүмкіндігін беру. Осы мақсатта Электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарын іздеудің арнайы функционалы ашылды. Бүгінгі таңда осы санаттағы азаматтар үшін 2,7 мыңға жуық бос жұмыс орны орналастырылған.

6. Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау шеңберінде жұмысқа орналастыру.

Бүгінгі таңда аталған квотаны жергілікті атқарушы органдар ұйым қызметкерлерінің тізімдік санына қарай 2-ден 4 %-ға дейінгі мөлшерде белгілейді (*итат саны 50 адамнан асатын ұйымдар үшін – 2%, 100-250 адам үшін – 3%, саны 250 адамнан асатын ұйымдар үшін – 4%*).

Жоғарыда аталған іс-шараларға қосымша, жұмыс берушіге жүктемені ынталандыру және азайту үшін осы жылдан бастап мүгедек адамдардың жалақысын мемлекет субсидиялау тетігі іске қосылды. Мәселен, субсидиялау жұмысқа орналастырудың үш жылы ішінде жүргізіледі: бірінші жыл 70 %, екінші жыл – 65 % және үшінші жыл – 60 %.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 98-бабына сәйкес жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту саласындағы заңнамасын мүгедек адамдар үшін белгіленген жұмыс орындарының квотасын орындамау түрінде жасаған бұзушылығы – ескерту жасауға алып келетінін айта кеткен жөн. Бұл ретте, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап бұзу лауазымды адамдарға кәсіпкерлік субъектісіне байланысты бестен он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушілердің белгіленген квотаны орындамағаны үшін жауапкершілікті күшейту мәселесін қарауда. Тиісті заңнамалық түзетулер заңнамада белгіленген тәртіппен Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға және оқытуға жәрдемдесу шараларының ауқымы жеткілікті түрде кең екенін және тек квота белгілеуді ғана қамтымайтынын атап өтеміз.

Үкімет мүгедектігі бар адамдарды қоғам өміріне тарту және азаматтардың барлық санаттары үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министр**

**Ә. Смайылов**



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан***на ДС-395 от 19.10.2023 г.***Уважаемые депутаты!**

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос касательно занятости лиц с инвалидностью, сообщает следующее.

В 2005 году с учетом международной практики в Казахстане была внедрена новая модель социальной защиты лиц с инвалидностью и принято новое законодательство.

Они изменили парадигму в отношении данной категории граждан, согласно которой инвалидность не является показателем трудоспособности или нетрудоспособности человека, а лишь определяет уровень ограничения его жизнеспособности.

В настоящее время в целях трудовой интеграции лиц с инвалидностью предусмотрен комплекс мер содействия занятости и обучению.

1. Сохранение рабочего места в случае получения гражданином травмы или увечья, повлекших инвалидность, в период осуществления им трудовой деятельности.

Сегодня порядка 6 тыс. лиц с инвалидностью продолжают работать на своих рабочих местах или на других позициях в той же организации.

2. Обучение лиц с инвалидностью в высших учебных заведениях.

Утверждена Дорожная карта по совершенствованию инклюзивного образования на 2023-2025 годы, предусматривающая ряд мероприятий для обучающихся с особыми потребностями, в части доступности зданий и сооружений учебных корпусов, общежитий и др.

На сегодняшний день доля вузов, обеспечивающих равные возможности обучения для лиц с инвалидностью, составляет 75,5% (в 2022 году – 54%). Численность лиц с инвалидностью, обучающихся в высших учебных заведениях, составляет 1 730 человек.

3. Создание специальных рабочих мест для лиц с инвалидностью.

Данный механизм введен с 2018 года и предусматривает субсидирование затрат работодателей на создание специальных рабочих мест. С начала реализации данного направления на организацию 520 специальных рабочих мест из бюджета было направлено более 367,1 млн. тенге.

4. Вовлечение в активные меры содействия занятости в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства. Сегодня проектом охвачено 38,4 тыс. человек, путем обучения на краткосрочных курсах и основах предпринимательства в рамках «Бастау бизнес», получения безвозмездных грантов на открытие собственного дела, трудоустройства на субсидируемые рабочие места, трудоустройства на постоянные рабочие места.

5. Предоставление возможности самостоятельного трудоустройства. С этой целью на электронной бирже труда был открыт специальный функционал поиска вакансий. На сегодняшний день для данной категории граждан размещено около 2,7 тыс. вакансий.

6. Трудоустройство в рамках квотирования рабочих мест для лиц с инвалидностью.

Сегодня данная квота устанавливается местными исполнительными органами в зависимости от списочной численности работников организации в размере от 2 до 4% (для организаций со штатной численностью свыше 50 человек – 2%, 100-250 человек – 3%, для организаций с численностью свыше 250 человек – 4%).

Дополнительно к вышеуказанным мероприятиям, для стимулирования и снижения нагрузки на работодателя, начиная с этого года, запущен механизм субсидирования государством заработной платы лиц с инвалидностью. Так, субсидирование производится в течении трех лет трудоустройства: первый год в размере 70%, второй год - 65% и третий год - 60%.

Следует отметить, что в соответствии со статьей 98 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» нарушение работодателем законодательства Республики Казахстан в области занятости населения, совершенное в виде невыполнения установленной квоты рабочих мест для лиц с инвалидностью, - влечет предупреждение. При этом, повторное нарушение в течение года после наложения административного взыскания, влечет штраф на должностных лиц в размере от пяти до десяти месячных расчетных показателей в зависимости от субъекта предпринимательства.

В настоящее время Министерством труда и социальной защиты населения рассматривается вопрос по усилению ответственности за неисполнение установленной квоты работодателями. Соответствующие законодательные поправки будут внесены в Мажилис Парламента в установленном законодательством порядке.

Учитывая вышеизложенное, отмечаем, что спектр мер содействия занятости и обучению лиц с инвалидностью достаточно широк и включает в себя не только установление квот.

Правительством проводится планомерная работа по привлечению лиц с инвалидностью к участию в жизни общества и созданию равных возможностей для всех категорий граждан.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Смаилов**